

Балалар мен жастардың музыкалық оркестрлері және ансамбльдерінің шеруін өткізу ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Бүкіл әлемде 1 маусымда Халықаралық балаларды қорғау күні аталып өткізіледі.

Республикада 5 миллионнан астам бала тұрады.

Осы күні олар үшін барлық өңірлерде салтанатты іс-шаралар басталып, орталық алаңдар, стадиондар, саябақтар мен сарайлар - олардың құзырында болады.

Шеру Халықаралық балаларды қорғау күніне (1 маусым) арналады және жыл сайын өткізіледі.

Шеру – мектептердің, колледждердің, және ЖОО-дарының шерулік көрсетілімін байланыстыратын музыкалық оркестрлердің жүріп өтуі.

Шеру – республиканың мәдени өміріндегі ерекше жағдай. Республикада алғаш өткізілуде.

Аталған Тұжырымдама Шерудің мақсатын, міндеттерін және өткізу шарттарын анықтау үшін әзірленген.

Шерудің мақсаты: «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеяны іске асыру жағдайында рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие факторы ретінде оқушылар мен студенттердің шерулік, көшеде фестивальдің жүріп өтуін қолдау және дамыту.

Шерудің міндеттері: балалар мен жастардың музыкалық мәдениетінің деңгейін арттыру, өзінің білім беру ұйымы үшін мақтаныш сезімін және оған қатыстылығын қалыптастыру, республиканың оқу мекемелерінің беделін көтеру және оған жарнама жасау.

Шеруді өткізуді ұйымдастырушылар: жергілікті атқарушы органдар.

Үйлестіруші: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.

Шеруге қатысушылар: облыстардың, астананың және республикалық маңызы бар қаланың жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру ұйымдарының педагогтері, білім алушылары (12 жастан және жоғары).

Балалар мен жастардың музыкалық ансамбльдері және оркестрлері – үрлемелі, ішекті-ысқылы, халық аспаптары, барабаншылар, бишілер және басқа да музыкалық ұжымдардың түрлері, хостестер, мажореткалар, черлидерлер.

Реквизиттер: білім беру ұйымының аты жазылған жалауы, таңбасы, байрағы, үрлемелі, соқпалы аспаптар, барабандар, батондар, жалаушалар, помпондар, қатысушылардың бірыңғай киімдері.

Оркестрлердің және ансамбльдердің орындауы үшін ұсынылатын шығармалар:

шағын формалардағы ерекше шығармалар, оның ішінде классикалық формадағы және заманауи өңдеулердегі вальстер, марштар, полькалар және т.б. (мысалы, «Столичный» маршы (В.Рунов), «Амангелді» маршы (Л.Хамиди), «Атамекен» (Е.Хасанғалиев), «Әлқисса» (Н.Тілендиев), Турецкий марш (В.А. Моцарт), «Барыня», «Калинка», «Илигай», «Венгерский танец» (И. Брамс), «Қаражорға» және т.б.).

Бұдан басқа, қазіргі уақыттағы қазақстандық жас композиторлардың жаңа шығармалары: Сәтжан Шайменнің «Сақ рухы» шығармасы, «Сапар» музыкалық пьесасы, «Түнгі қала» джаздық пьесасы, Әділжан Толықпаевтың «Шабыт» композициясы, Шырын Базарқұлованың «Жеңісті таңда» музыкалық пьесасы, сондай-ақ «Қара жорға» биіне, Нұрғиса Тлендиевтің «Алатау» әніне, «Менің атым Қожа» кинофильміне жазған әніне, «Сәулем-сәулем» халық әніне, Рената Гайсиннің «Кұлан» шығармасына Әділжан Толықпаев жасаған оркестрге ыңғайланған аранжировкалар ұсынылады.

Әр білім беру ұйымы өз репертуарын (10 шығармадан кем емес) құрастыруға, ансамбль және оркестр түрін, музыкалық аспаптар тізбесін анықтауға құқылы.

Шеруді өткізу орны: облыс орталықтары, Астана және Алматы қалалары.

Шеруді өткізу күні: 1 маусым.

Шерудің басталу уақыты: сағат 11.00 (барлық өңірлерде бірдей уақытта).

Колонналардың жүріп өту уақыты Шеруге қатысушы қораптардың санына байланысты.

Қораптағы қатарларды орналастыру тәртібін білім беру ұйымы өзі анықтайды.

Шеру колоннасы: қораптарда 20-дан 100 адамға дейін болады (әр білім беру ұйымы өз қораптарын құрастыруға құқылы (квадрат, үшбұрыш, гүл және тағы басқа)).

Қораптың алдыңғы қатарында қолдарында білім беру ұйымының аты жазылған жалауы, таңбасы, байрағы бар бірнеше адамның жүруі мүмкін.

Қораптардағы ұсынылатын болжамды қатарлар:

- үрлемелі аспаптар ансамблі;

- соқпалы аспаптар ансамблі, барабаншылар;
- ішекті аспаптар ансамблі (домбырашылар, балалайкашылар, гитарашылар және т.б.) (әрбір музыкалық ансамбльдегі музыканттардың саны 10 адамнан кем болмағаны жөн);
- ұлттық костюмдердегі би ұжымдары;
- мажореткалар – бірыңғай қысқа немесе ұзын белдемшелер, ақ шұлық пен туфли киіп жүріп өтетін қыздар, олар асатаяқтарымен жонглерлік өнер көрсетіп, барабаншылар ырғағын келтіреді;
- черлидерлер – Шеруге қатысушыларға көңілді, жағымды көңіл-күй сыйлауға арналған қолдаушылар тобы, шеру кезінде олар помпондармен, түрлі-түсті жалаушалармен немесе басқа да реквизиттермен мерекелік көңіл-күй сыйлай отырып, спорттық би қимылдарын жасайды;
- хор ұжымдары.

Шеруге қатысушылар қорап ішіндегі музыкалық ансамбльдің орындаған музыкасына сәйкес үйлесімді түрде би билеп, ән айтып, бірдей қимылдар орындай алады.

Қораптарға білім алушылармен қатар ниет білдірген педагогтер, ата-аналар да қатыса алады.

Әр қораптың қатысушылары мерекелік бірыңғай форма киюі қажет. Шеруге қатысушылардың бірыңғай формасын әр білім беру ұйымы өзі анықтайды.

Шеруді ақпараттық қолдау бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жағымды ақпараттарды кеңінен таратуды болжайды.